ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1265670 сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 2 (11-1 У, 4566161) Кәріз және ұқсас жүйелер мен жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер

Тапсырыс беруші: "Ембімұнайгаз" АҚ

Ұйымдастырушы: "Embімұнайгаз" АҚ

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	Мәні
Жол нөмірі	11-1 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Кәріз және ұқсас жүйелер мен жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер, Кәріздендіру және ұқсас жүйелер мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер
Қосымша сипаттама	"КУОСВ" канализациялық, қондырғыларына сервистік қызмет көрсету және жөндеу ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, Исатай ауданы, Атырауская область Исатайский район
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2029 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Жұмыстардың сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Кәріздік жергілікті тазарту құрылыстарына қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары мыналарды қамтиды:

1. Орындаушы блоктық-локалды тазарту құрылыстарының (бұдан әрі – БЛТҚ) технологиялық желісінің үздіксіз және іркіліссіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге, оның ішінде шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды қабылдауды, механикалық және биологиялық тазартуды, залалсыздандыруды, тұнбаны өңдеуді, зертханалық бақылауды жүргізуді, сондай-ақ тазартылған ағынды суларды белгіленген ағызу және/немесе қайта пайдалану орнына бұруды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Орындаушы тазартылған ағынды сулардағы қалқыма заттардың, мұнай өнімдерінің, органикалық ластаушы заттардың және өзге де нормаланатын көрсеткіштердің құрамын қолданыстағы нормативтерде және шекті жол берілетін концентрацияларда белгіленген мәндерге дейін төмендетуді қамтамасыз етуге міндетті.

3. Орындаушы қызметтерді көрсету кезеңінің барлық уақытында тазарту құрылыстарының үздіксіз және іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

4. Орындаушы ағынды суларды тазарту процесінің негізгі технологиялық параметрлерін тұрақты бақылауды жүзеге асыруға және қажет болған жағдайда БЛТҚ жұмысының белгіленген режимін қамтамасыз ету мақсатында оларды реттеуге міндетті.

5. БЛТҚ қызметтерді көрсету кезеңінің барлық уақытында технологиялық процесті қамтамасыз етуге қажетті химиялық реагенттермен, шығыс материалдарымен және өзге де қажетті материалдармен қамтамасыз ету Орындаушының есебінен жүзеге асырылады.

6. Тапсырыс берушінің электрондық пошта немесе мессенджер арқылы жолдаған жазбаша өтінімі негізінде Орындаушы тозған, жарамсыз болған немесе істен шыққан жабдықтарды және олардың құрамдас бөліктерін, оның ішінде қосалқы бөлшектерді, басқару шкафтарына, резервуарларға, резервуар-теңестіргіштердегі қоқыс ұстағыш себеттерді, технологиялық құбырларды, реттеуші және бекіту арматурасын, залалсыздандыру жүйесінің УК-шамдарын, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика (бұдан әрі – БӨАжА) құралдарын, электр жабдықтарын және электр конвекторларын ауыстыруды және/немесе жөндеуді қамтамасыз етуге міндетті.

7. Орындаушы БЛТҚ -қа келіп түсетін ағынды сулардың көлемін, сондай-ақ буландыру алаңдарына бұрылатын тазартылған ағынды сулардың көлемін күнделікті есепке алуды және бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

8. Орындаушы тазарту құрылыстарының жобалық және нақты өткізу қабілетін ескере отырып, БЛТҚ-қа түсетін ағынды сулардың есептік көлемінің артып кетуіне жол бермеуді бақылауға міндетті.

9. Орындаушы аккредиттелген зертханада БЛТҚ-қа түскенге дейінгі және БЛТҚ-тан кейінгі шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларға, сондай-ақ буландыру алаңдарынан алынған тазартылған ағынды суларға айына кемінде бір рет зертханалық зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етуге және зертханалық зерттеулердің хаттамаларын Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті.

10. Сынамаларды алу, оларды сақтау және зертханаға тасымалдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне және нормативтік-техникалық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Алынған ағынды су сынамалары белгіленген сақтау және тасымалдау шарттарын сақтай отырып, алынған күні зертханаға жеткізілуге тиіс.

11. Зертханалық зерттеулер нәтижелері бойынша тазартылған ағынды сулар сапасының белгіленген нормативтерге сәйкес келмейтіні және/немесе жол берілетін концентрациялардың асып кеткені анықталған жағдайда, Орындаушы өз қаражаты есебінен анықталған бұзушылықтарды жою және тазартылған ағынды сулар сапасының көрсеткіштерін Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкестендіру жөнінде дереу шаралар қабылдауға міндетті. Тиісті кезең үшін ақы төлеу шартта көзделген тәртіппен және талаптарда жүзеге асырылады.

12. Орындаушы БЛТҚ кәріз жүйесінің, орталық кәріз құдықтарының, септиктердің, кәріз желілеріндегі резервуар-теңестіргіштердің және кәріздік сорғы станцияларының (бұдан әрі – КСС) жарамды техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге, оның ішінде оларға техникалық қызмет көрсету мен ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге міндетті.

13. Орындаушы БЛТҚ конструктивтік элементтеріне, оның ішінде сыртқы қаптамаларға, баспалдақтарға, люктерге, траптарға және құрылыстардың өзге де элементтеріне техникалық қызмет көрсетуді және ағымдағы жөндеуді жүзеге асыруға міндетті.

14. Шартқа қол қойылғаннан кейін Орындаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде БЛТҚ -ты пайдалану үшін қажетті барлық пайдалану құжаттамасын әзірлеуге және оның болуын қамтамасыз етуге міндетті, оның ішінде:

- тазарту құрылыстарының технологиялық жабдықтарын пайдалану жөніндегі технологиялық регламент;
- тазартылған шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулармен ластаушы заттардың авариялық төгінділерінің алдын алу жөніндегі іс-шаралар;
- БЛТҚ-тың негізгі және қосалқы жабдықтарын күзгі-қысқы кезеңге дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- БЛТҚ -тың қауіпсіз және үздіксіз пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де құжаттар.

15. Орындаушы буландыру алаңдарының аумағындағы қамысты және өзге де өсімдіктерді тұрақты түрде шабуды және жоюды жүзеге асыруға міндетті. Көрсетілген жұмыстарды орындау кезінде буландыру алаңдарының гидрооқшаулағыш қабатының зақымдалуына әкелуі мүмкін ауыр арнайы техниканы пайдалануға тыйым салынады.

16. Авариялық жағдай туындаған кезде Орындаушы құрамында кемінде 2 (екі) жабдықтарды жөндеу жөніндегі слесарь бар жөндеу бригадасын тарта отырып, авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жедел жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.

17. Орындаушы БЛТҚ аумағының қоршауына техникалық қызмет көрсетуді және ағымдағы жөндеуді, оның ішінде зақымдалған учаскелерді қалпына келтіруді қамтамасыз етуге міндетті.

18. Орындаушы БЛТҚ аумағын және оған іргелес аумақты тиісті санитариялық және техникалық жағдайда ұстауды, оның ішінде тұрақты түрде жинауды және тазалауды қамтамасыз етуге міндетті.

19. Орындаушы басқару шкафтарына белгіленген регламентке сәйкес техникалық қызмет көрсетуді, оның ішінде ТҚК-1, ТҚК-2, ТҚК-3 техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу (АЖ) жұмыстарын жүргізуге міндетті.

20. Орындаушы технологиялық құбырлардың зақымдалған немесе жарамсыз болған жылу оқшаулауын қалпына келтіруді және қажет болған жағдайда ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті.

21. Орындаушы БЛТҚ-тың үздіксіз жұмыс істеуі үшін қажетті сорғы жабдықтарының болуын және олардың жарамды жұмыс күйінде ұсталуын қамтамасыз етуге міндетті. Негізгі сорғы жабдығы істен шыққан жағдайда, Орындаушы тиісті өнімділігі бар резервтік сорғының болуын және оны жедел пайдалануға мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

22. Орындаушы қалпына келтіруге жатпайтын БЛТҚ люктерінің қақпақтарын және резервуар-теңестіргіштердің құдық қақпақтарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және техникалық талаптарға сәйкес келетін жаңа қақпақтарға ауыстыруға міндетті.

23. Пайдаланылған тұнбаны жинау және шығару.

1. Орындаушы БЛТҚ-ты пайдалану процесінде түзілетін пайдаланылған тұнбаны жинауды, оның ішінде қажет болған жағдайда сорып шығаруды, тиеуді, герметикалық түрде тасымалдауды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қалдықпен көзделген операцияларды жүзеге асыру үшін түпкілікті операторға беруді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Пайдаланылған тұнбаны әрбір шығарғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

- жинау күні мен орны, қалдықтың коды мен атауы, нақты мөлшері, көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі және түпкілікті алушының атауы көрсетілген қалдықты беру актісі;
- қалдықты түпкілікті оператордың қабылдағанын растайтын құжат;
- берілген қалдықтың нақты массасын немесе көлемін растайтын құжат (таразы талоны немесе өзге де есепке алу құжаты).

24. Орындаушы жабдықтың тиісті техникалық жай-күйін және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында УКС сүзгі торларын тұрақты тазалауды және қажет болған жағдайда ауыстыруды жүзеге асыруға міндетті.

25. Орындаушы техникалық және технологиялық блоктарды, орталық кәріз құдықтарын, септиктерді, резервуар-теңестіргіштерді, КСС-ларды, ауладағы кәріз құдықтарын, ауладағы құдықтардан КСС-ға дейінгі кәріз жүйесін, май ұстағыштарды, сондай-ақ КСС-дан БЛТҚ-қа дейінгі және БЛТҚ-тан буландыру алаңдарына дейінгі учаскелердегі арынды және өздігінен ағатын коллекторларды тұрақты тазалауды жүзеге асыруға міндетті.

26. Орындаушы КСС-дан БЛТҚ-қа дейінгі және БЛТҚ-тан буландыру алаңдарына дейінгі учаскелердегі арынды коллекторларға техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және қажет болған жағдайда ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті.

27. Орындаушы Тапсырыс берушінің электрондық пошта немесе мессенджер арқылы жолдаған жазбаша өтінімі бойынша қажет болған жағдайда технологиялық блоктарды және металл конструкцияларды коррозияға қарсы лак-бояу материалдарын қолдана отырып бояуды жүзеге асыруға міндетті.

28. Орындаушы БЛТҚ аумағында пайдалану персоналының күндізгі және түнгі уақытта үздіксіз тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз етуге міндетті.

II. Техникалық сипаттамаға қосымша:

1. Қосымша №1 Кен орындарының ара қашықтығы туралы ақпарат.

2. Қосымша №2 Тазартылған тұрмыстық ағынды сулармен ағынды суларды қабылдағышқа (булану алаңына) ағызылатын ластаушы заттардың тізбесі.

Қосымша

Приложение 2 к ТС Ворд ЖМГ каз.doc
Приложение 2 к ТС Ворд ЖМГ рус.doc
Приложение 1 к ТС Информация об удаленности месторождений Жайык каз ВОРД.doc
Приложение 1 к ТС Информация об удаленности месторождений Жайык рус ВОРД.doc

Қол қойған	Жубаев Данияр Берикович
Қол қойылған күні	27.10.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1265670
способом Открытый тендер

Лот № 2 (11-1 У, 4566161) Услуги по техническому обслуживанию канализационных и аналогичных систем и оборудования

Заказчик: Акционерное общество "Эмбамунайгаз"

Организатор: Акционерное общество "Эмбамунайгаз"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	Значение
Номер строки	11-1 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по техническому обслуживанию канализационных и аналогичных систем и оборудования, Услуги по техническому обслуживанию канализационных и аналогичных систем и оборудования
Дополнительная характеристика	Сервисное обслуживание и ремонт канализационных установок "КУОСВ" (НГДУ "Жайыкмунайгаз")
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Атырауская область, Исатайский район, Атырауская область Исатайский район
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2029 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

I. Описание и требуемые технические, качественные и эксплуатационные характеристики услуг:

Сервисное обслуживание и ремонт локальных очистных сооружений включает:

1. Исполнитель обязан обеспечить непрерывную и бесперебойную эксплуатацию технологической линии блочно-локальных очистных сооружений (далее – БЛОС), включая прием хозяйственно-бытовых сточных вод, механическую и биологическую очистку, обеззараживание, обработку илового осадка, проведение лабораторного контроля, а также отвод очищенных сточных вод в установленную точку сброса и/или повторного использования.

2. Исполнитель обязан обеспечить снижение содержания взвешенных веществ, нефтепродуктов, органических загрязняющих веществ и иных нормируемых показателей в очищенных сточных водах до значений, установленных действующими нормативами и предельно допустимыми концентрациями.

3. Исполнитель обязан обеспечить непрерывную и бесперебойную работу очистных сооружений в течение всего периода оказания услуг.

4. Исполнитель обязан осуществлять постоянный контроль основных технологических параметров процесса очистки сточных вод и при необходимости, производить их регулирование в целях обеспечения установленного режима работы БЛОС.

5. Обеспечение БЛОС химическими реагентами, расходными материалами и иными необходимыми материалами для обеспечения технологического процесса на весь период оказания услуг осуществляется за счет Исполнителя.

6. На основании письменной заявки Заказчика, направленной посредством электронной почты или мессенджера, Исполнитель обязан обеспечить замену и/или ремонт изношенного, неисправного либо вышедшего из строя оборудования и его составных частей, включая запасные части, шкафы управления, резервуары, сороулавливающие корзины в резервуарах-усреднителях, технологические трубопроводы, регулирующую и запорную арматуру, УФ-лампы системы обеззараживания, контрольно- измерительные приборы и автоматика (далее–КИПиА), электрооборудование и электрические конвекторы.

7. Исполнитель обязан осуществлять ежедневный учет и контроль объемов сточных вод, поступающих на БЛОС, а также объемов очищенных сточных вод, отводимых на поля испарения.

8. Исполнитель обязан осуществлять контроль за недопущением превышения расчетного объема поступления сточных вод на БЛОС с учетом проектной и фактической пропускной способности очистных сооружений.

9. Исполнитель обязан обеспечить проведение в аккредитованной лаборатории лабораторных исследований хозяйственно-бытовых сточных вод до и после поступления на БЛОС, а также очищенных сточных вод с полей испарения не реже одного раза в месяц с предоставлением Заказчику протоколов лабораторных исследований.

10. Отбор проб, их хранение и транспортировка в лабораторию должны осуществляться в соответствии с действующими нормативными правовыми актами и нормативно-техническими документами Республики Казахстан. Отобранные пробы сточных вод должны быть доставлены в лабораторию в день их отбора с соблюдением установленных условий хранения и транспортировки.

11. В случае установления по результатам лабораторных исследований несоответствия качества очищенных сточных вод установленным нормативам и/или превышения допустимых концентраций Исполнитель обязан за свой счет незамедлительно принять меры по устранению выявленных нарушений и приведению показателей качества очищенных сточных вод в соответствие с требованиями законодательства Республики Казахстан. Оплата за соответствующий период осуществляется в порядке и на условиях, предусмотренных договором.

12. Исполнитель обязан обеспечивать исправное техническое состояние канализационной системы БЛОС, центральных канализационных колодцев, септиков, резервуаров-усреднителей канализационных сетей и канализационных насосных станций (далее – КНС), включая их техническое обслуживание и текущий ремонт.

13. Исполнитель обязан осуществлять техническое обслуживание и текущий ремонт конструктивных элементов БЛОС, включая наружные обшивки, лестницы, люки, трапы и иные элементы сооружений.

14. После подписания договора Исполнитель обязан 10 (десяти) рабочих дней разработать и обеспечить наличие всей необходимой эксплуатационной документации по БЛОС, включая:

- Технологический регламент по эксплуатации технологического оборудования очистных сооружений;
- мероприятия по предотвращению аварийных сбросов загрязняющих веществ с очищенными хозяйственно-бытовыми сточными водами;
- план мероприятий по подготовке основного и вспомогательного оборудования БЛОС к осенне-зимнему периоду;
- иные документы, необходимые для безопасной и бесперебойной эксплуатации БЛОС.

15. Исполнитель обязан осуществлять регулярный скос камыша и удаление иной растительности на территории полей испарения. При выполнении указанных работ запрещается использование тяжелой специальной техники, способной привести к повреждению гидроизоляционного покрытия полей испарения.

16. В случае возникновения аварийной ситуации Исполнитель обязан обеспечить оперативное проведение аварийно-восстановительных работ с привлечением ремонтной бригады в составе не менее 2 (двух) слесарей по ремонту оборудования.

17. Исполнитель обязан обеспечивать техническое обслуживание и текущий ремонт ограждения территории БЛОС, включая восстановление поврежденных участков.

18. Исполнитель обязан обеспечивать содержание территории БЛОС и прилегающей территории в надлежащем санитарном и техническом состоянии, включая регулярную уборку и очистку.

19. Исполнитель обязан осуществлять техническое обслуживание шкафов управления в соответствии с установленным регламентом, включая проведение работ по техническому обслуживанию ТО-1, ТО-2, ТО-3 и текущему ремонту (ТР).

20. Исполнитель обязан обеспечивать восстановление и, при необходимости, замену поврежденной или пришедшей в негодность теплоизоляции технологических трубопроводов.

21. Исполнитель обязан обеспечить наличие и поддержание в исправном рабочем состоянии насосного оборудования, необходимого для бесперебойной эксплуатации БЛОС. В случае выхода основного насосного оборудования из строя Исполнитель обязан обеспечить наличие и возможность оперативного использования резервного насоса соответствующей производительности.

22. Исполнитель обязан осуществлять замену крышек люков БЛОС и крышек колодцев резервуаров-усреднителей, не подлежащих восстановлению, на новые, соответствующие техническим требованиям и обеспечивающие безопасную эксплуатацию сооружений.

23. Сбор и вывоз отработанного ила.

1) Исполнитель обязан обеспечить сбор образующегося в процессе эксплуатации БЛОС отработанного илового осадка, включая его откачку при необходимости, погрузку, герметичную транспортировку и передачу конечному оператору для осуществления предусмотренных операций с отходом в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

2) После каждого вывоза отработанного илового осадка Исполнитель обязан предоставить Заказчику следующие документы:

- акт передачи отхода с указанием даты и места сбора, кода и наименования отхода, фактического количества, государственного регистрационного номера транспортного средства и наименования конечного получателя;
- документ, подтверждающий прием отхода конечным оператором;
- документ, подтверждающий фактическую массу или объем переданного отхода (весовой талон либо иной документ учета).

24. Исполнитель обязан осуществлять регулярную очистку и, при необходимости, замену фильтрующих сеток УФС в целях обеспечения их надлежащего технического состояния и эффективной работы оборудования.

25. Исполнитель обязан осуществлять регулярную очистку технических и технологических блоков, центральных канализационных колодцев, септиков, резервуаров-усреднителей, КНС, дворовых канализационных колодцев, канализационной системы от дворовых колодцев до КНС, жироуловителей, а также напорных и самотечных коллекторов на участках от КНС до БЛОС и от БЛОС до полей испарения.

26. Исполнитель обязан обеспечивать техническое обслуживание, ремонт и, при необходимости, замену напорных коллекторов на участках от КНС до БЛОС и от БЛОС до полей испарения.

27. Исполнитель обязан по письменной заявке Заказчика, направленной посредством электронной почты или мессенджера, осуществлять покраску технологических блоков и металлических конструкций с применением антикоррозионных лакокрасочных материалов.

28. Исполнитель обязан обеспечить непрерывное круглосуточное дежурство эксплуатационного персонала на территории БЛОС в дневное и ночное время.

II. Приложение к Технической спецификации:

1. Приложение №1 Информация об удаленности месторождений.

2. Приложение № 2 Перечень загрязняющих веществ, отводимых с очищенными бытовыми сточными водами в приемник сточных вод (поле испарения).

Приложение

Приложение 2 к ТС Ворд ЖМГ каз.doc

Приложение 2 к ТС Ворд ЖМГ рус.doc

Приложение 1 к ТС Информация об удаленности месторождений Жайык каз ВОРД.doc

Приложение 1 к ТС Информация об удаленности месторождений Жайык рус ВОРД.doc

Подписал	Жубаев Данияр Берикович
Дата подписания	27.10.2026